

**Зеренді ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 16 наурыздағы № 83 "2010 жылға Зеренді ауданында қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Ақмола облысы Зеренді ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 28 маусымдағы № 248 қаулысы. Ақмола облысы Зеренді ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 19 шілдеде № 1-14-140 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Зеренді ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 14 қаңтардағы № 39 қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Зеренді ауданы әкімдігінің 2011.01.14 № 39 қаулысымен*

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 20 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысымен бекітілген, қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру Ережелерінің 7,8 тармақтарына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Зеренді ауданы әкімдігінің «2010 жылға Зеренді ауданында қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы» 2010 жылғы 16 наурыздағы № 83 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 1-14-133 тіркелген, 2010 жылы 30 наурызда «Зеренді» газетінде жарияланған) келесі өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген, 2010 жылға Зеренді ауданы бойынша ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемдері, жағдайлары, жалақы мөлшерлері мен оларды қаржыландыру көздері тізбесінде 1 жолдағы «Жұмыстар көлемі» бағанында «973» саны «1273» санымен ауыстырылсын;

21 жолдағы «Жұмыстар көлемі» бағанында «90» саны «180» санымен ауыстырылсын келесі мазмұндағы 30, нөмірлі жолымен толықтырылсын:

«

30	Зеренді ауданы «Айдабол селосы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Аумақты тазалауда көмектесу	120	еңбек шарты	ең төменгі жалақы мөлшерінен кем емес	жергілікті бюджет
----	--	-----------------------------	-----	-------------	---------------------------------------	-------------------

»

2. Осы қаулы Зеренді ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Е.Сағдиев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК